

*«Теміртау қаласының №19 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ*

# **ҰБТ-ға оқушыларды дайындау барысында қолданылатын әдіс - тәсілдері**

*Қазақ тілі мен әдебиет пәні  
мұғалімі: Исаева А.А.*

*Теміртау қаласы. 2012 – 2013 оқу жылы*



# Исаева Айгиваш Абдрахмановна



## Мұғалім жайлы мәлімет

**Білімі:** Жоғары  
**Мамандығы:** Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Өтілі:**  
**8 жыл**





**Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев:**  
**«Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде», -**  
**деп тұжырымдады. Ал, қазақ халқының тіл**  
**келешегі – бүгінгі мектеп оқушыларында.**

# МАҚСАТЫ:

*Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге сапалы дайындық ұйымдастыру арқылы оқушылардың білім сапасын жоғарылату.*



# Міндеттері:


- 1) Қазақ тілінің салалары бойынша жоспар құрастыру.
- 2) Ортақ талдаулар, түзету жұмыстары.

*ҰБТ дегеніміз – мемлекеттің,  
қоғамның және тұлғаның  
қажеттілігіне сәйкес келетін  
бүгінгі білім сапасын көтеру және  
бақылау үшін жасалған  
тапсырмалар жүйесі болып  
табылады.*





# ҰБТ тиімділігі:



- 1. Барлық мектеп бітірушілердің біліміне ортақ талап қояды.*
- 2. Мектептердің білім сапасына нақты баға беріледі.*
- 3. Адамның араласуынсыз білімді бағалауды әділетті жүргізуге жұртшылықтың көзін жеткізеді.*
- 4. Тестілеу арқылы бағдарламадағы білім мазмұнын қамту жоғары деңгейге жетуде.*



# Мұғалімге қойылатын талаптар:

- *оқушылардың білім алу себептерін айқындау;*
- *пәндік оқытуды ұйымдастыру;*



# Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау жоспары

№	Тақырып	Мерзімі	Ескерту
1.	Фонетика. Дыбыстар. Буын. Тасымал. Екпін.	қыркүйек	
2.	Орфография. Орфоэпия. Үндестік заңы	қыркүйек	
3.	Лексика. Сөз мағынасы.	қыркүйек	
4.	Синоним. Антоним. Омоним.	қыркүйек	
5.	Морфология. Сөз құрамы.	қазан	
6.	Жалғаулар.	қазан	
7.	Сөз таптары. Зат есім. Сын есім. Есімдік. Сан есім.	қазан	
8.	Етістік. Көсемше. Есімше. Етіс.	қараша	
9.	Үстеу. Көмекші есімдер.	қараша	
10.	Шылау сөздер: септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер	желтоқсан	
11.	Оқшау сөздер: одағай, қаратпа сөз, қыстырма сөз	желтоқсан	
12.	Синтаксис. Сөйлем мүшелері	ақпан	
13.	Тұрлаулы мүшелер	ақпан	
14.	Тұрлаусыз мүшелер	ақпан	
15.	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	наурыз	
16.	Жай сөйлемнің түрлері	наурыз	
17.	Құрмалас сөйлемнің түрлері	сәуір	
18.	Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері	сәуір	
19.	Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері	мамыр	
20.	Төл сөз. Төлеу сөз. Тыныс белгілері	мамыр	

**Диагностикалық  
кезең**

- **Бақылау жұмыстарын өткізу арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтау,**
- **Өткен жылдағы ҰБТ нәтижесі мен байқау тестілердің сараптамаларын жасау арқылы қиындық тудыратын сұрақтарды анықтау;**

**Тәжірибелік кезең**

- **Тест жинақтарымен жұмыс;**
- **Күрделі тақырыптар бойынша деңгейлік тапсырмалар;**
- **Топтық және жеке дайындық;**
- **Тестпен жұмыс істеуде тәсілдерді қолдану.**

**Бақылау кезеңі**

- **Тақырыптар бойынша бақылау тестілері;**
- **Мониторинг;**
- **Қатемен жұмыс парағын жүргізу;**
- **Психологиялық тренинг ұйымдастыру және өткізу.**



Үш кезең бойынша өткізілетін жұмыстар  
оқушыларды үш топқа бөлінетінін  
анықтайды:

1-ТОП

- *үнемі 18 ұпайдан жоғары алатындар*

2-ТОП

- *12 ұпайдан 18 ұпайға дейін алатындар*

3-ТОП

- *12 ұпайдан төмен алатындар*

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕНГЕЙІН  
АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА**

**КІРІСПЕ ТЕСТ**



**ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС**



**ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ**



# *Қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға даярлауда болатын кедергілер*

**Кейбір оқушылардың сөздік қорының аздығынан синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді таба алмай жатады**

**Құрмалас сөйлем түрлерін шатастырады**

# Деңгейлік тапсырмалар

**I деңгей.**  
1) Сөздерге жақша ішіндегі әріптердің тиістісін қойып, мақал-мәтелдерді жаттап ал.

(h, x) алық айтса, қалп айтпайды.  
(h, x) алық сөзі қа(x, h) арлы.

Әркімнің өз туған жері – Мысыр ша(х, х)  
Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның (x, h) аты өлме

**2) Көп нүктенің орнына жасанды.**

С.....лық, т.....ін, т.....  
кішіне...ілділік, с.....ла, с.....

**II деңгей.**  
1) «Денсаулық» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

2) Төменде жазылған сөздерден тек ұяң дауыссыз дыбыстары бар сөздерді белгілендер.  
Жүз, аға, тауық, үйрек, үкі, көже, би, аз,  
жаз, терек, гүл, веловипед, егеу, әже, әке

**III деңгей.**  
1) Нүктенің орнына x, h әріптерін қой.  
Сөздердің мағыналырн түсіндір.

...абар, қа...арман, жи...ангер, ...оккей, гау...ар, ...  
ұқық, ...алық, жа...ан, ...айуан, жи...аз, ...русталь

2) Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.  
Мен, ұя, досыммен, жасадық, бірге. Қария,  
жиналысқа, жиналды, көп.



Тестпен жұмыс істегенде  
қолданылатын әдістің бірі - жарыс

*Білім деңгейіне қарай  
оқушыларды жүйімен немесе  
топпен көп ұнай жинауға  
жарыстыру. Оның өзі  
оқушылардың белсенділігін  
арттырады.*



СӨЗДІК  
ЖҰМЫС

ГРАММАТИКАЛЫҚ  
КЕСТЕЛЕР

ТЕСТ  
ЖИНАҚТАРЫ

МОНИТОРИНГ

ҚАТЕМЕН  
ЖҰМЫС



# Сөздік жұмысы

ДЫБЫС	
ӘРІП	
ДАУЫСТЫ ДЫБЫС	
ЖУАН	
ЖІҢІШКЕ	
ҚЫСАҢ	
АШЫҚ	
ЕЗУЛІК	
ЕРІНДІК	
ДАУЫССЫЗ ДЫБЫС	
ҚАТАҢ	
ҮРНДІ	
ҰЯҢ	
ӘЛІПБИ	
ДҰРЫС БӨЛІНГЕН	
ЖҰП БОЛАТЫН	
ЖҰП БОЛЫП КЕЛМЕЙТІН	
ҚАЙ ДЫБЫС?	
БУЫН	
БУЫН ТҮРІ	
БУЫН ҮНДЕСТІГІ	
БІТЕУ БУЫН	
АШЫҚ БУЫН	
ТҰЙЫҚ БУЫН	

	ЗВУК
	БУКВА
	ГЛАСНЫЙ ЗВУК
	ТВЕРДЫЕ
	МЯГКИЕ
	СЖАТЫЕ
	ОТКРЫТЫЕ
	НЕГУБНЫЕ
	ГУБНЫЕ
	СОГЛАСНЫЙ ЗВУК
	ГЛУХОЙ
	СОНОРНЫЙ
	ЗВОНКИЙ
	АЛФАВИТ
	ПАРНЫЕ
	НЕПАРНЫЕ
	СЛОГ
	НЕСОСТАВЛЯЮЩИЙ СЛОГ
	ВИДЫ СЛОГОВ
	ЗАКРЫТЫЙ СЛОГ
	ОТКРЫТЫЙ СЛОГ
	ПОЛУОТКРЫТЫЙ СЛОГ

# Сөздік жұмысы. Антоним. Синоним

алыс-жақын	қосу-алу	шық-кір	қорқақ-батыр	қара-ақ	жабады-ашады		
жаңару-ескіру	қысы-жазы	бірінші-тұңғыш	сұлу-әдемі-әсем-көркем-сымбатты ажарлы	жәрдем-көмек	белгілі-атақты	оқушы-шәкірт	халық-ел жұрт-
соңғы жыл – алғашқы жыл	жақсы-жаман	мәлім-белгілі	кемеңгер-ұлы	саяхат-сапар	мағлұмат-мәлімет	үлкен-зор	байлық-қазына-дәулет
жоғары-төмен	дос-қас	шаһар-қала	зат-нәрсе-бұйым	жедел-шұғыл	жылдам-тез	мереке-мейрам, той	науқас-сырқат-ауру
аз-көп	кәрі-жас	дұшпан-қас	ас-тамақ-тағам	құнды – бағалы	қыруар-көп	жер жүзі – әлем – жаһан	тәуір-жақсы
ауыр-жеңіл	соғыс-бейбітшілік	ту-жалау	ат-есім	дәулетті-қуатты	уақыт-мезгіл-кезең	күшті-мықты	адам-кісі
бай-кедей	аласа-биік	мықты-берік	ұқыпты-тиянақты	мұғалім-ұстаз-оқытушы	көлемі-аумағы	жер шары-дүние жүзі	өмір-ғұмыр
көне-жаңа	мейірбан-қатал	жолықты-ұшырасты-кездесті	сыйлау-құрметтеу	айрықша-ерекше	жиналыс - мәжіліс	салмақты-сабырлы	қоныс-жер-мекен
жіңішке-жуан	іші-сырты						



# Тапсырмалар

## I нұсқа

1 Дауыстыдан соң және сөз басында дауыстыдан бұрын келген **ү** дыбысы ... болады. **Мысал келтіріңіз**

2 Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген **ү** дыбысы ... болады. **Мысал келтіріңіз**

3 Дауыссыз дыбыстар үшке бөлінеді:

**Қатаң дауыссыз:** ...

**Ұяң дауыссыз:** ...

**Үнді дауыссыз:** ...

4 **Қ**-ға аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **қ**-дыбысы қай сөзге айналып кетеді?

**Мысал келтіріңіз:**

5) **й, у, ң**

нешінші

Сөздерді

жаңылтыңыз

## II нұсқа

1 **Қай сөздерде** тек **ый** жазылады?

Мысал келтіріңіз

2 **ң** дыбысына аяқталған сөзден кейін дауысты дыбыс келсе, **ң**-дыбысы қай дыбысқа айналып кетеді? Мысал келтіріңіз

3 Сөзде қанша **дауысты дыбыс** болса, сонша **.....** болады. Мысал келтіріңіз.

4 **Жазу жолына сыймаған сөз** буынға бөлініп ...

## Берілген тірек сөздерді сәйкестендір:

Қазақ тіл білімінің атасы кім?

Әбілхан Қастеев

Заң шығаратын орган

Тоқтар Әубәкіров

Қазақтың атақты суретшісі

Ахмет Байтұрсынов

Қазақ елінің бірінші ғарышкері кім?

Парламент

Оқушы тірек сөздерін сәйкестендірді. Есте сақтауына ерекше мән берді.

# ТАПСЫРМА: тест тапсырмаларынан «Фонетика» тақырыбына қатысты тапсырмаларды іріктеп алу, аудару, дұрыс жауабын табу.

## 2012 жылдың ҰБТ тапсырмаларынан Фонетика

1. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалы сөздерді табыңыз: (найдите слова, где аффиксы начинаются на глухой звук)

А) білімді, Мақпалға В) **қонақтар, айтқыз** С) Шанардай, ізде  
Д) Табалы, койды Е) Зейнеге, оқыған

2. Үш буынды сөзді табыңыз (найдите слово, состоящее из трех слогов)

А) аға В) **Қарындас** С) Ағаларым Д) Іні Е) Сіңлі

3. Ұяң дауыссыз дыбысқа жатпатын дыбыстарды көрсетіңіз (укажите звуки, не относящиеся на звонкие согласные звуки)

А) Г, ғ, д В) б, в, г, С) Ғ, д Д) Ж, з, д Е) **П, ф, к**

4. Берілген сөздер қандай дауыстылардан жасалғанын көрсетіңіз: (данные слова из каких гласных звуков состоят)

**Кептер, кекілік, ілгілі, өзен**

А) Қысаң дауыстылардан В) Жуан дауысты дыбыстардан  
С) **Жіңішке дауысты дыбыстардан** Д) Ашық дауыстылардан  
Е) Жуан және жіңішке дауыстылардан



# Қайталауға арналған тапсырмалар

**Көп нүктенің орнына жақшада берілген сөзді сабақтас құрмалас сөйлемге айналдыру керек.**

*1.Мақтаны көтерген нәзік қыз алаңқайлау аралықпен зыр (жүгіру, келу)..., жаңа терген мақтасын атып ұрды.*

*2.Бетіндегі шып-шып теріне мақтаның ұсақ ұлпалары (жабысу)..., беті де мақта сияқты болып кетіпті.*

*3.Түнде мылтық (атылу)..., дауысы қатты естілді.*

*4. Кеше кешке уақытым (болмау)..., сүйікті телехикаямды көре алмадым.*

**Көп нүктенің орнына салалас құрмалас сөйлем болатындай етіп толықтыр.**

*1.Бұрын мұрны шолақтау (болу)..., биыл біраз ұзарып қалыпты.*

*2.Онда талай жастар білім (алу)..., еліміздің әр жерінде еңбекке араласуда.*

*3. Қыз кітапты партаға (қою)..., оны оқуға кірісті.*

*4. Болат қарындасына сыйлық (әперу, келу)..., бірақ ақшасы жетпеді.*

**Көп нүктенің орнына аралас құрмалас сөйлем болатындай етіп толықтыр.**

*1.Абай үйге (кіру)..., Әбіш конверттегі бар қағазды оқып шыққан еді.*

*2.Күн (шығу)..., ел тұра (бастау)..., - Нұрлан әлі жоқ.*

*3.Амантай Серғазыларға (ақылдасу еді)..., Жамантайдың науқасының түрі жаман (болу)... , олар ырық бере қоймады.*

*4.Білмегенін (білу деп)..., оқушылар ынтығар.*

# Қалай тапсырманы тез орындауға болады?

«Салалас құрмалас сөйлемді табыңыз»  
деген тапсырма берілсе, дұрыс жауапты қалай тез табуға болады?

1-қадам: жалғаулық шылауы бар

сөйлемді іздеу;

2-қадам: жалғаулық шылауы бар  
сөйлем жоқ болса, бірінші жай

сөйлемнің баяндауышына қараймыз, ол  
тиянақты формада тұруы керек.

«Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз»  
деген тапсырма берілсе, дұрыс жауапты  
қалай тез табуға болады?

1-қадам: жай сөйлемдерді алып тастаймыз;

2-қадам: баяндауышы тиянақты  
сөйлемдерді алып тастаймыз, себебі  
бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы  
тиянақсыз формада тұрады.



1. Синонимдік қатарды табыңыз.
  - А) Қабанбай, Ерасыл. В) Арлы-берлі, ойын-сауық. С) Жүзбасар, Қызылқалам, Төлеу, Қызылқалам.
  - Е) Әйгілі, атақты, белгілі.
2. «Оқушы» сөзіне мәндес сөзді табыңыз.
  - А) Жазушы В) Ұстаз С) Оқытушы Д) Шәкірт Е) Тәлімгер
3. Синоним сөздерді табыңыз.
  - А) Жеңіл, терең, ежелгі В) Өнер, күй, музыка С) Тіршілік, өнерсүйгіш, мәдениет
4. «Тез» сөзінің синонимін көрсетіңіз.
  - А) Ерте В) Орташа С) Жылдам Д) Жаксы Е) Жай
5. Синонимдік қатарды көрсетіңіз.
  - А) Апару, әкелу. В) Кінәлі, айыпты. С) Мәртебелі, сыйсыз.
6. Синонимдік қатарды көрсетіңіз.
  - А) Мықты, бос. В) Түзу, қисық. С) Бас, қол. Д) Ауру, сау.
7. Синоним сөздерді табыңыз.
  - А) Думан, той. В) Бала, мұғалім. С) Нәзік, толық. Д) Аяқ, қол.
8. «Үн» сөзінің орыс тіліндегі синонимдік баламасын белгіле.
  - А) Свист, звук. В) Звук, голос. С) Голос, разговор. Д) Трепет
9. **Ата-ана** сөзіне синоним сөзді табыңыз.
  - А) Ата-әже. В) Әпке-аға. С) Аға-женге. Д) Апа-аға.
- 10.Синонимдік қатарды көрсетіңіз.
  - А) Сұлу, әдемі, ең. В) Кәрі, қарт, қария. С) Саулық, шайлы. Е) Барлық, түгел, ерін.
11. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
  - А) Асау, жуас. В) Аз, көп. С) Мықты, берік. Д) Жоқ, бар.
12. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
  - А) Көлемі, аумағы. В) Жер, аспан. С) Бес, он. Д) Үлкен, кіші.
13. «Аспан» сөзінің синонимдерін көрсетіңіз.
  - А) Көк, әуе В) Күн, планета С) Дала, жұлдыз, ай Д) Ғар
14. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
  - А)Шығыс, кіріс. В)Қорқақ, батыр. С)Қорқыныш, үрей. Д) Қорқыныш, үрей.
15. Синоним сөздерді табыңыз.
  - Елтаңбасы елімің Неткен сұлу, әдемі!
  - А) Неткен әдемі. В) Елтаңбасы елімің. С) Сұлу, әдемі. Д) Елтаңбасы елімің.
16. Синонимнің анықтамасын белгілеңіз.
  - А) Айтылуы әр түрлі, мағынасы бір. В) Айтылуы бір, мағынасы әр түрлі.
  - Д) Мағынасы қарама-қарсы сөздер. Е) Ауыспалы мағыналы сөздер.
17. «Дәулет» сөзінің синонимін табыңыз.
  - А) Аз. В) Қас. С) Үлкен. Д) Бас. Е) Байлық.
18. Синоним сөздерді табыңыз.
  - А) Мұғалім, ұстаз, оқытушы. В) Әдемі, сұлу, алтын. С) Тәлімгер, ұстаз, оқытушы.
  - Д) Қараша, қабат, үй. Е) Сынып, оқу бөлмесі, бірінші.
19. Синоним сөздерді табыңыз.
  - А) Сұлу, бай, байтақ В) Ұлаң-байтақ, кең, ұлаң-ғайыр С) Алаң-байтақ, кең, ұлаң-ғайыр
  - Д) Алыс, үлкен, кең Е) Таза, терең, мөлдір
20. «Апта» сөзінің синонимін көрсетіңіз.
  - А) Жеті күн, жұма В) Кешке, түнде С) Уақыт, ай, күн Д) Жеті күн, жұма
21. «*Билеушілер*» деген мағынаны білдіретін синонимдерді табыңыз.
  - А) Көсем, бедел, ерік. В) Шаруа, жұмысшы. С) Хан, патша, билеуші.
  - Е) Батыр, би, әскер.
22. Синоним сөздерді көрсетіңіз.
  - А) Орташа, қысқаша В) Арық, толық С) Көңілді, үнемді
23. Синоним сөздерді табыңыз.
  - А) Жәрдем, көмек, қолғабыс В) Халық, дәстүр, тарих С) Қолғабыс, көмек, қолғабыс
  - Е) Парыз, жалақы, қайырым
24. «Уақыт сөзіне синонимдес қатарды табыңыз.
  - А) Мезгіл, кезең. В) Тиімді, пайдалы. С) Күшті, мықты. Д) Мезгіл, кезең.
25. «Тілге бай» сөз тіркесінің синонимін табыңыз.
  - А) Сөзге жоқ. В) Шешен. С) Тілге кедей. Д) Сөзге шор.

## Фонетика.Дауысты дыбыстар.1- нұсқа.

1. Жіңішке дауысты дыбысты көрсетіңіз.
  - А) ы В) а С) о Д) у Е) ә
2. Жуан дыбыстарды көрсетіңіз.
  - А) І, Ы, Е, И. В) Е, И, У, О. С) А, О, Ұ, Ы. Д) А, Ғ, Ө, Ұ. Е) О, Ө, Ұ, Ү.
3. Жіңішке буынды дәм атауын көрсетіңіз.
  - А) Күшті, үлкен. В) Ашы, қышқыл. С) Семіз, ерен. Д) Тәтті, дәмді. Е) Тұзды, қатты.
4. Дауысты дыбыстардың жақтың қатысына қарай жіктелетін түрлерін көрсетіңіз.
  - А) жуан, жіңішке В) еріндік, езулік С) ұяң, қатаң Д) ашық, қысаң Е) үнді, жуан
5. Дауысты дыбыстардың еріннің қатысына қарай жіктелетін түрлерін көрсетіңіз.
  - А) жуан, жіңішке В) қысаң, ашық С) үнді, ұяң Д) еріндік, езулік Е) қатаң, ұяң
6. Ашық дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.
  - А) а, ұ, ү В) у, и, і С) у, і, ы Д) а, о, е Е) е, ө, й
7. «Ы» дыбысы қойылатын сөзді көрсетіңіз.
  - А) Жазғ... В) Кәр... С) Бөр...к. Д) М...нез. Е) Д...мді.
8. Бірыңғай жіңішке дауыстылардан тұратын сөздерді көрсетіңіз.
  - А) Қиық. В) Береке. С) Сынып. Д) Қиғыз. Е) Кітап.
9. Жіңішке буынды сөздер қатарын көрсетіңіз.
  - А) сынып, парта В) дәптер, қалам С) мереке, білім Д) қыркүйек, қоңырау Е) кітап, оқушы
10. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қандай түрлерге бөлінетінін белгілеңіз.
  - А) Үнді, қатаң В) Езулік, еріндік С) Жуан, жіңішке Д) Қатаң, ұяң Е) Ашық, қысаң
11. Жіңішке дауыстылар қатарын көрсетіңіз.
  - А) ы, ұ, и В) а, у, о С) ұ, е, ө Д) ө, і, е Е) о, ә, у
12. Жуан дауысты сөзді табыңыз.
  - А) Кезең. В) Куәлік. С) Көне. Д) Ғұлама. Е) Билік.
13. Жіңішке дауысты дыбысты көрсетіңіз.
  - А) у В) о С) а Д) ө Е) ұ
14. Барлық буында жазылатын дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.
  - А) а, ы, і В) ә, ә, и С) о, ө, ұ Д) у, ұ, ө Е) ә, ұ, у
- 15 Қазақ тіліне тән дауысты дыбыстары бар сөзді көрсетіңіз.
  - А) мемлекет В) отан С) саудагер Д) көзілдірік Е) достар
16. Қай дауысты дыбыс әрі жуан, әрі жіңішке дауыстыға жататынын анықтаңыз.
  - А) е В) и С) о Д) а Е) ү
17. Жуан да жіңішке де болатын дыбысты табыңыз.
  - А) О. В) Е. С) У. Д) А. Е) Ө.
18. Тек жуан дауысты дыбыстан тұрған қатарды көрсетіңіз.
  - А) Кінәлі, дүдәмәл. В) Ботагөз, Өмірзақ. С) Ақтөбе, тарихи. Д) Су, бауырмал. Е) Ушығу, қабілет
19. Жіңішке дауысты сөзді табыңыз.
  - А) Базар В) Қора С) Қауырсын Д) Кілем Е) Сауысқан
20. Жіңішке әрі ашық дауысты дыбысты көрсетіңіз.
  - А) О, И. В) Ү, І. С) Ө, Е. Д) А, Ұ Е) Е, Ы.
21. Тек жуан дауысты дыбысты сөздер қатарын көрсетіңіз.
  - А) Кенесары, өнерпаз. В) Ұлытау, қуғыншы. С) Емхана, арбақеш. Д) Игілік, ержүрек. Е) Қыстығүні, кітаптар.
22. Жуан дауысты дыбыстары бар сөзді белгілеңіз.
  - А) Кенес. В) Күндіз. С) Сабыр. Д) Екеуі. Е) Келуші.
23. Қазақ тіліне тән дауысты дыбыстарын белгілеңіз.
  - А) о, е. В) а, и. С) и, у. Д) ө, ү. Е) ы, ә.
24. Тек жіңішке дауысты дыбыстар қатарын анықтаңыз.
  - А) О, ө, у. В) А, ә, е. С) Ы, і, и. Д) Ө, ө, і. Е) Э, о, ү.
25. Дыбыстар неше топқа бөлінетінін көрсетіңіз.
  - А) 5. В) 2. С) 3. Д) 6. Е) 4.

# Т Е С Т

## Фонетика.

1. Жіңішке дауысты дыбысты көрсетіңіз.  
А) ы В) а С) о Д) у Е) ә
2. Жуан дыбыстарды көрсетіңіз.  
А) І, Ы, Е, И. В) Е, И, У, О. С) А, О, Ұ, Ы. Д) А, Ғ, Ө, Ұ. Е) О, Ө, Ұ, Ү.
3. Жіңішке буынды дәм атауын көрсетіңіз.  
А) Күшті, үлкен. В) Ащы, қышқыл. С) Семіз, ерен.  
Д) Тәтті, дәмді. Е) Тұзды, қатты.
4. Дауысты дыбыстардың жақтың қатысы көрсетіңіз.  
А) жуан, жіңішке В) еріндік, езулік С) үнді, жуан
5. Дауысты дыбыстардың еріннің қатысы көрсетіңіз.  
А) жуан, жіңішке В) қысаң, ашық С) ү қатаң, ұяң
6. Ашық дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.  
А) а, ұ, ү В) у, и, і С) у, і, ы Д) а, о,
7. «Ы» дыбысы қойылатын сөзді көрсетіңіз.  
А) Жазғ... В) Кәр... С) Бөр...к. Д) ...
8. Бірыңғай жіңішке дауыстылардан тұратын сөзді таңдаңыз.  
А) Қиық. В) Береке. С) Сынып. Д) ...
9. Жіңішке буынды сөздер қатарын көрсетіңіз.  
А) сынып, парта В) дәптер, қалам С) м...  
Д) қыркүйек, қоңырау Е) кітап, оқушы
10. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қандай сөзді белгілеңіз.  
А) Үнді, қатаң В) Езулік, еріндік С) Ұ...  
Д) Қатаң, ұяң Е) Ашық, қысаң

## Антоним, синоним, тура және ауыспалы мағына, мақал-мәтелдер

- 1 Мақалды аяқтаңыз:  
Мектеп – кеме, білім – (теңіз)
- 2 «Ұзын-қысқа» қандай сөздер екенін белгілеңіз:  
**антоним сөздер**
- 3 «Жер жүзі» сөзінің синонимін белгілеңіз: (Әлем, жаһан)
- 4 *Дұшпан* сөзінің антонимін табыңыз: **Дос**
- 5 *Төмен* сөзінің антонимін анықтаңыз: **Жоғары**
- 6 Жұмбақтың шешуін табыңыз: Білімнен мол сы – асы,  
Балғындардың ұясы. **Мектеп**
- 7 Мақалдың қазақша баламын көрсетіңіз: «Над бедой друга не смейся, то же может случиться с тобой»  
(Күлме досыңа, келер басыңа)
- 8 «Көз» сөздің ауыспалы мағынасы қандай? (бұлақтың көзі)




# К У Н Д Е Л І К

№ 11 «*Б*» сынып оқушысы *Аманжолбек Маршоо*

## Байқау УБТ нәтижелері көрсетілген КҮНДЕЛІК

№	Мерзімі	Мерзімі	Мерзімі	Мерзімі	Мерзімі	Мерзімі	Мерзімі	Мерзімі	Мерзімі
	17.09	21.10	20.11	13.12	23.01	17.02	17.03	20.04	8.05
	№ 9212	№ 1030	№ 2039	№ 2040	№ 2827	№ 3019	№ 0218	№ 0102	№ 0109
1	A	C	B	C	B	B	A	B	C
2	E	A	E	B	C	A	B	E	E
3	B	E	E	B	B	A	B	B	B
4	A	A	B	C	B	B	B	A	C
5	A	B	B	C	C	B	E	E	C
6	C	B	B	C	B	B	E	C	C
7	E	B	E	E	A	A	E	B	C
8	B	C	E	E	A	A	E	B	C
9	A	E	B	B	C	C	E	E	A
10	A	B	B	A	C	B	E	B	B
11	C	A	C	A	C	B	C	B	C
12	C	E	B	A	B	B	E	E	E
13	C	E	A	C	B	E	C	B	E
14	B	E	B	A	B	B	C	B	E
15	A	E	E	A	B	B	C	A	B
16	E	E	E	A	B	B	C	B	E
17	A	B	A	C	B	A	A	B	C
18	E	A	E	C	A	C	A	B	C
19	B	C	B	C	B	A	A	B	B
20	B	C	A	C	C	A	E	B	A
21	C	C	A	C	A	A	E	B	A
22	C	B	E	C	A	A	E	A	B
23	E	B	A	C	C	A	B	A	E
24	B	B	B	C	A	B	A	B	E
25	C	B	B	C	A	B	A	B	E
шығарым	21	22	23	22	23	22	23	21	22
балл	5	5	5	5	6	5	5	6	5
сәтін	17.09.11	21.10.11	20.11.11	13.12.11	23.01.12	17.02.12	17.03.12	20.04.12	8.05.12

# МОНИТОРИНГ ПАРАҒЫ



11 «Б» сынып оқушысы  
Митрушова Марина





*Грамматикалық  
ережелерді  
аудару, жаттау;*

*ережелерін  
еске түсіріп  
жазу;*

*мысалдар  
келтіру;*

**Қатемен  
жұмыс  
түрлері:**

*өзі-өзін  
тексеру.*

*бірін-бірі  
тексеру;*



**ТҮЗЕТУ  
ЖОЛДАРЫ**

**ТАПСЫРМА**

**ТАҚЫРЫПТЫҚ**


**ДЕҢГЕЙЛІК**

**ШАҒЫН**

**ТЕСТ**

**ТАҚЫРЫПТЫҚ**


**СЫНАҚ**



## Оқушыларға ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК:

- *ҰБТ-мен қорқытуға болмайды;*
- *оқушы өз күшін және өз мүмкіндігін нақты білуі керек;*
- *алдына мақсат қою;*
- *қате жібермеуден қорықпау;*
- *тест тапсыру техникасына үйрету;*
- *өз уақытын бақылауға үйрету;*
- *тапсырма қиындықтарын жеңе білу.*





# Психологиялық тренингтер

- 1. Емтихандарға дайындалу кезінде өзіңнің жақсы тапсырғаныңды көз алдыңа елестет; «Тапсырманы орындай алмаймын», – деп ешқашан ойлама;*
- 2. Ең қиын сұрақтарды қайталау үшін емтихан алдында түнді емес, бір күнді қалдыр.*
- 3. «Сенімділік» жаттығуы. Мақсаты: Оқушыны стрестік жағдайдан арылтып, сенімділікке үйрету.*  
*Шарты: Оқушыларға бос ақ парақ таратылады. Сол парақты қаламсаппен теңдей екіге бөлу ұсынылады. Ол бөліктерді 1,2 деп белгілеп бірінші бөлікке жағымды қасиеттерін, екінші бөлікке жағымсыз қасиеттерін жазу керек те, ортасынан кырқылып алынады. Жағымды қасиеттерін өзінде қалдырып, жағымсыздарын қатты мыжып, қоқыс жәшігіне салады.*

# *11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау бойынша жүргізілетін жұмыс түрлері:*

*11-сынып бағдарламасы бойынша әр тарауды қамтыған 25 сұрақтан тест құрастырылады*

*Әр тақырыпты оқып бітіргеннен кейін кішігірім тест өткізіледі.*


*Білімде қалып қоюшылық анықталған тақырыптар бойынша қатемен жұмыс жүргізіледі және қосымша сабақтар өткізіледі.*





*Тест оқушылардың білімін салыстыруға, білім беру жүйесінде оқушылармен бірге жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік туғызады. Бағдарламалық материалдан тыс өткізіліп отыратын осындай жұмыстар оқушылардың қазақ тілі бойынша сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді.*

# МОНИТОРИНГ



	10-сынып	11-сынып	ҰБТ
■ Орташа ұпай	15,8	16,2	16,4
■ Сапа	72	77,7	83





# ҚОРЫТЫНДЫ:

*ҰБТ-ға даярлауда мұғалімнің орны ең басты назарда тұруы қажет. Әр мұғалім әрдайым жаңалықты бастаушы ретінде әрекет жасауы тиіс. Оқытудың әр түрлі технологиясы жасалып, мектеп өміріне енгізілгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да мұғалімнің жаңа әдіс – тәсілдерімен үздіксіз жұмыс жасап, жеке тұлғаны қалыптастыруда орны ерекше.*





# ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫ ҚОНАҚТАР!

*Кішкентай бастамасыз үлкен нәтижеге  
жету мүмкін емес.*

*Үлкен кемеңіз батуына кішкентай тесік себеп  
бола алады.*

*Әр майда нәрсе міндетті түрде бір іске  
жарайды.*





Назар қойып тыңдағандарыңызға үлкен рахмет!!

